

*Маңғыстау облысының әкімі,
саяси ғылымдарының докторы, профессор,*

Қ.Е.КӨШЕРБАЕВТЫҢ

***Иса- Досан ескерткішінің ашылу салтанатында
сөйлеген сөзі***

Бұл күндері барша қазақстандықтар ел тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекесін тойлауға дайындық шараларын бастап кеткені өздеріңізге мәлім. Тойлануына бір жылдан астам уақыт бар болса да дайындығына бүкіл ел болып жұмыла кіріскен бұл мерекенің орны айырықша бөлек, мән-мағынасы өлшеусіз терең. Өйткені еркіндік пен азаттық, егемендік пен тәуелсіздік, ұлт мұраты мен ұрпақ болашағы қай халық үшін де ежелден биік мақсат пен ұлы мүдделерге толы аса қадірлі де қастерлі ұғымдар.

Елбасымыз, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Біздің ең басты құндылығымыз – ол бұл дүниедегі жалғыз Отанымыз - Тәуелсіз Қазақстан!». Дүние дамуымен есептегенде жиырма жыл қас-қағым сәт болғанымен, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің тұтас бір дәуірге парапар жиырма жылға жуық жүрген жолы – халқымыздың сан ғасырлық қаһармандық шежіресінің ерекше белесі, ең қастерлі бөлігі, жасампаз дамуының бастауы.

Тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың ғасырлармен өлшенетін азаттық үшін күресінің нәтижесі, арман-аңсарының жүзеге асқан ақиқаты. Сондықтан да ел Тәуелсіздігі мерекесі – бақыт құсындай аяулы да қастерлі, аса мәртебелі де, ең ұлық мереке.

Түп тамыры ежелгі түркіден бастау алатын қазақ халқы өзінің жер бетінен жойылмай, ана тілін, салт-дәстүрін, іргелі ел, жоралы жұрт қалпын сақтап қалғаны – оның азаттыққа ұмтылған асқақ рухының, еркіндік сүйетін қайрат-жігерінің арқасы. Еуразия төріндегі ұлы дала төсінде ұланғайыр аймақты мекендеп келе жатқан халқымыздың барша тарихы – Азаттық, Тәуелсіздік, ұлт ретінде сақталып қалу мақсатындағы жанкешті күрестерге толы шежірелі де шерлі тарих.

Византия мен Қытай тәрізді алып империялардың арасында екі ғасыр бойы өзін бар әлемге мойындатқан ұлы мемлекет – Түрік қағанаты ыдырағаннан кейін де Моңғол шапқыншылығы, Жоңғар жаугершілігіне қарамастан арпалыса жүріп, Қазақ хандығын құруы – бабаларымыздың қайсар рухының, көзсіз батырлығының көрінісі. Мұнан кейінгі солтүстік пен шығыстағы апайтөс империялардың қыспағы, патшалық Ресейдің

отаршылдығы, тоталитарлық жүйенің тепкісі – азаттық пен тәуелсіздік аңсаған қаһарман халқымыздың үздіксіз күрес пен толассыз тартысқа толы шежірелі тарихындағы бүгінгі ұрпақ ешқашан ұмытпауы тиіс бабалар қанымен жазылған қастерлі кезеңдер. Азаттық аңсаған аталарымыз өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолында тек патша отаршылдығының тепкісі мен кеңестік жүйенің қыспағына қарсы 200-ден астам ұлт-азаттық көтерілістерге шыққан екен. Соның бірі – киелі де қасиетті Маңғыстаудағы азаттық пен еркіндікті ту етіп көтеріп, патша үкіметінің отаршыл саясатын күйретуді мақсат еткен Иса - Досан көтерілісі.

Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінде айырықша орын алатын бұл көтерілістің мынадай басты себептері болды.

1868 жылы патшалық Ресей колониялық саясаттың негізінде жасалған қазақтарды басқарудың жаңа Ережесін қабылдады. Ереже 1869 жылдың 1 қаңтарынан енгізіле бастады. Мұнда қазақтардың атадан балаға мирас болып келген жаз жайлауы мен қыстаулары Ресей мемлекетінің меншігі болып жарияланып, бұл аймақтар арнайы әкімшілік басқаруларға бөлінді. Сөйтіп ғасырлар бойы қалыптасқан жүйе бұзылып, тұрғындардың қыстағы бір әкімшілік басқаруына, ал жайлауы басқа басқару әкімшілігіне қарады. Оған бару үшін арнайы рұқсат қағазы қажет болды. Рұқсат қағазында түтін салығын төлегені жөнінде белгі соғылуы тиіс болды.

Қазақтардың ата қоныс жерлері әскери бекіністер, уездік басқармалар салуға, орыс қоныс аударушыларына тегін үлестіріле басталды. Төрт түлік мал түріндегі жалғыз ғана тіршілік көзі бар қалың елге бұл тәртіп өте ауыр тиді. Оның үстіне Маңғыстау өлкесі қазақтары Кавказ халықтарын басқару әдісіне, әскери-халықтық басқару жүйесіне көшіріліп, 1870 жылдың 2 ақпанында Кавказ басқармасына қаратылды.

Билер соты жойылып, әскери сот жүйесі енгізілді, оның шешіміне прокурорлық қадағалау қойылмады. Бұл онсызда жергілікті тұрғындарды «жабайылар» деп санап, менсінбей қараған патша әскері мен шенеуніктеріне халықты басынып, ойына келгенін қымсынбастан жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Мұның үстіне 1870 жылы жаңа салық жүйесі енгізіліп, түтін салығы екі есеге өсіп, 3 сом 50 тиынды құрады. Маңғыстау приставы болып тағайындалған подполковник Рукин осы мөлшердегі салықты тұрғындар 1869 жыл үшін де төлеуі қажет деген сорақы шешім шығарды. Мұндай мөлшердегі екі жылдың салығын төлеу елдің басым көпшілігін құрайтын кедейлерді былай қойғанда, орта шаруаларға да қиын тиді.

Әскери тарихшы, Кавказ армиясы Бас штабының бастығы, генерал-лейтенант В.А.Потто өзінің «Гибель отряда Рукина в 1870 году» атты еңбегінде: «Жаңа Ереже қырғыздардың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-

дәстүрін түбірімен жойып жіберді. Түтін салығы екі есе өсті. Бұған қоса өлке приставы подполковник Рукин өлке тұрғындарын қатаң тәртіп пен жазалау арқылы бағындырамын деп қателесті», - деп жазды.

Патша үкіметінің қаныпезер саясатын толық түсінбеген, түсінсе де мойындамаған Маңғыстау елі 1870 жылдың амал мерекесінен соң жылдағы әдетімен жаз жайлауы Жем, Сағыз бойына қарай қозғалады. Жаңа Ережені мойындамаған елді күштеп кері қайыру үшін 1870 жылдың 15 наурызында подполковник Рукин бастаған мұздай қаруланған 40 әскерден тұратын отряд Форт-Александровскіден шығып, көшкен елдің жолын бөгейді.

Бұл жағдай халықтың наразылығын туғызып, патша үкіметінің құлдық-отаршылдық саясатына төзбеген Досан Тәжиев, Иса Тіленбаев, Ержан және Ермағамбет Құловтар, Алға Жалмағамбетов сияқты батырлар бастаған ел азаматтары азаттық туын көтеріп, 1870 жылдың 15 наурызында атқа қонады.

22 наурызда Иса-Досан жасағы Рукин әскерін қоршап, одан бейбіт елдің жолын бөгемей Фортқа қайтуды талап етеді. Бұған Рукин жасағы оқ атумен жауап береді. Төрт күнге созылған айқастан соң Рукин отряды тас-талқан болып жеңіледі. Бұл жеңісті баянды ету мақсатында Иса-Досан бастаған көтерілісшілер патша өкіметінің Маңғыстаудағы тірегі - Форт Александровск қаласына шабуыл жасап, оның төменгі бекінісін басып алады. Олар үш күн бойы бекіністі қоршауда ұстап, дамылсыз шабуыл жасайды. Осы уақыт ішінде Кавказдан граф Кутайсов бастаған әскер келіп үлгереді.

Форт бастығы майор Зеленин өзінің қолжазбасында: «Бұл әскер келмегенде бекініс құлайтын еді. Бізде бұған дейін азиялықтар, оның ішінде көшпелі қазақтардың зеңбіректері бар, барлық қару түрінен оқ жаудыра алатын бекініске шабуыл жасауға батылы барады деген ой үш ұйықтасақ түсімізге кірмеген еді», - деп жазды. Көмекке келген әскер басшысы Кутайсов өзінің Дағыстан аймақтық әскер қолбасшысы генерал Меликовке жазған хатында: «Бүкіл халық көтерілді. Қару-жарағы мардымсыз болса да мұндай өжет, рухы жоғары жасақтарды бұрын соңды көрмедік. Өздерін аттың еріне байлап алған олар оқ тигеніне қарамастан алға ұмтылып, әскерлер арасында үрей туғызды», - деп ұрпақ үшін, әділдік пен азаттық үшін шайқасқан аталарымыздың ерлігіне таң қала отырып, Кавказдан көмекке тағы да әскер жіберуін сұрады.

Сөйтіп шиті мылтық, қылыш, найзамен ғана қаруланған көтерілісшілер соңғы үлгідегі винтовка, зеңбіректермен жасақталған патша әскерін бір ай бойы бекіністе тығылып отыруға мәжбүр етті. Тек 1 мамырда ғана қосымша әскер алдырған Кутайсов үш рота жаяу әскер, үш жүз атты кавалериямен бекіністен шығып Үстіртке шегінген көтерілісшілер мен тұрғын халықты жазалауға кірісті. Жайлауға беттеген барлық мал тартып алынды. Қазақ

ауылдары зеңбірекпен атқыланып, жас, кәрісіне қарамастан аяусыз өлтірілді. Жазалаушы отрядтардың басынғаны соншама тіпті патша өкіметінің өзі басынғаны бес күнде 16 ауылды тонап, адамдарын аяусыз қырған отряд басшысы Байковты әскери сотпен соттауға мәжбүр болды.

Көтеріліс жеңіліс тапса да оның қазақ елінің тәуелсіздік үшін күрестегі маңызы зор болды.

Бұл көтерілісті зерделеп, зерттеген сол кездегі орыс әскери тарихшылары И.Линевич, П.Юдин, В.Поттолар патша өкіметінің отаршылдық саясатының шектен шыққан бағыттарын көрсете отырып, бұл оқиға жергілікті халықпен санаспай, оның салт-дәстүріне қарсы ереже енгізіп, күш көрсетіп, зорлық жасауға ұмтылудан болды деп пайымдады. Бостандық сүйгіш қазақ елінің биік рухы мен қайсарлығына әділ бағаларын берді.

Тарихшылар сондай-ақ бұл көтерілістің XVIII-XIX ғасырлардағы басқа ұлт азаттық көтерілістерден өзінің бүкіл халықтық сипат алуымен, патша өкіметінің тұтастай бір отрядының жойылуымен ерекшелетінін атап көрсетті.

Ардақты ағайын!

Бүгін біз азаттық үшін күрескен қаһарман аталарымыздың төгілген қаны мен маңдай тері арқасында, Елбасымыздың сарабдал саясатының нәтижесінде Тәуелсіздікке қол жеткізіп, халықты қан қақсатып құлдық езгіде ұстаған Александр патшаға арналған ескерткіштің орнына ел тәуелсіздігі үшін күрескен батыр аталарымыз Иса-Досанның алып ескерткішін орнатып отырмыз.

Бұдан артық қуаныш, бұдан асқан бақытты шақ бола ма?!

Мұндай сәттерде: «Біз бүгінгі бейбіт тіршілігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін, тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың әруағының алдында қашанда қарыздармыз», - деген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың өнегелі сөздері еріксіз ойға оралады.

Біз тәуелсіз еліміздің бүгінгі белесінде тұрып, осы күнді армандаған бабаларымыздың биік мұраттары алдында, жан алысып, жан берісіп азаттық үшін күрескен аталарымыздың өз аманаты алдында, азаттық үшін күресте құрбан болған жау жүрек батырларымыздың мәңгі өшпес рухы алдында басымызды иіп, тағзым етеміз.

Өткен жылы ел тәуелсіздігінің мерекесінің қарсаңында отанымыздың жүрегі Астана қаласында ашылған «Қазақ елі» монументі – еліміздің сан ғасырлық шежірелі тарихына, халқымыздың ұлы перзенттеріне, асыл

мұраттары мен үкілі үміттеріне, киелі атажұртымызға арналған мәңгілік ескерткіш.

Заңғар көкке ұмтылған «Қазақ елі» монументі ақ пейілді халқымыздың асқақ рухы мен қайрат-жігерін паш етіп, бірлік пен татулыққа, даму мен жасампаздыққа шақырады. Бұл біздің өлкедегі «Отпан тау» тарихи-мәдени кешені, Ақтаудағы «Мемлекеттік рәсімдер алаңы», «Мәңгілік алау», «Жалау Мыңбаев» пен «Тобанияз Әлниязұлына» қойылған, Ондағы «Ай-ана», бүгінгі «Иса-Досан» ескерткіші тәрізді жастарды елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеп, биік парасатқа бастайтын киелі орындар.

«Бабаларын қалтқысыз қастерлей алған халық балаларының болашағын да қапысыз қамдай алмақ», - деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай біздер үшін мұндай қастерлі орындардың маңызы зор.

Қадірлі ағайын!

Ғасырлар бойы бабаларымыз күрескен ұлы мұраттарға қол жеткізіп, Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан мемлекетін құру, Тәуелсіз Қазақстанның азаматы атану – біздің маңдайымызға жазылған ұлы бақыт.

«Бақ бағалай білгеннің басына ғана тұрады», - дейді халық даналығы. Ендеше бабаларымыздың жанкешті тірлік, төккен қан, маңдай терімен суарылып бізге табысталған киелі тарихымыздың нұр сәулелі жарқын бөлігі – Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихын жасампаз беттермен толтыру - бүгінгі ұрпақ біздің парызымыз.

Мұндай аса жауапты миссияны Тәуелсіз Қазақстанның әр азаматы, оның ішінде маңғыстаулықтардың абыроймен атқаратынына сенім мол. Өйткені бір Отан, бір Тағдыр, бір Көшбасшы біріктірген маңғыстаулықтар әрдайым Тәуелсіз елімізге, бірінші Президентімізге тірек бола білудеміз! Иса, Досан сияқты батыр аталарымыз армандаған тәуелсіз еліміздің әрқашан туы биік, тұғыры берік болсын!

Тәуелсіз Қазақстан жасасын!

В данной статье автор, рассматривая восстание 1870 года в Мангистау, отмечает, что оно явилось очередной героической вехой на пути к независимости.

